

Атырау өңіріндегі кен орындары

Дайындаған: Ғазымбек Фархат

Тексерген: Ажаргуль Жупарғалиева

Жоспары



Пайдалы қазбалары



Облыс жер қойнауынан табылған және әлемдік ғылымға ресми енген минералдар



Облыс жер қойнауынан анықталған минералды шикізаттар.

- **Атырау облысының** жер қойнауында шөгінді қабаттармен байланысқан әр түрлі пайдалы қазындылар көп. Олардың ішінде қоры аса бай әрі негізгісі мұнай болып табылады. Қазірдің өзінде 70-тен астам мұнай, мұнай газ және газ конденсатының кен орындары ашылып отыр. Ал 34 кен орнында бұрғылау жұмыстары жүргізілуде.

Пайдалы қазбалары

- Облыстың оңтүстік-шығысында шоғырланған карбонат жыныстарының мол аймағынан ондаған жылдар бойы игеріліп, қазақ елінің мұнай-газ өндірісінің негізі болып табылатын бұрынғы кендерге қосымша соңғы жылдары аса ірі Теңіз мұнай кен орны ашылып, оңтүстік-батыста Имашев газ конденсатының орны анықталды. Бұл кен орындары облыс қойнауында флюидалдық құрылым сипатының ерекше етек алуының белгісі. Карбонның терригендік шөгінділерінен Тортай және Кеңістік кен орны ашылды. Шөлқара, Мәткен, Сарыбұлақ, Үлкентөбе, Қарашүңгіл, Үшмола құрылымдарындағы тұз астылық терригендік және терригенді-карбонатты шөгінділерден өндірістік маңызы бар мұнай көздері табылды. Ашылған кендердің 52 %-ы орта юра кешеніне, 30 %-ы төменгі бор, қалғандары триас қабаттарына жатқызылды.

Облыс жер қойнауынан табылған және әлемдік ғылымға ресми енген минералдар

- **Индерборит** - Табылған жерінің атымен аталған. Тұңғыш рет 1941 ж. Н. Ю. Ихорникова мен М. Н. Годлевский ашқан. Өте сирек кездесетін минерал.
- **Индерит** – Алғаш табылған Индер кенінің атымен аталған. 1935 ж. А. М. Болдырева ашқан.
- **Қорғантауит** - Атауы табылған жері Қорғантауға байланысты. Тұңғыш рет Индер күмбездіңдегі Батыс Қорғантаудан 1943 ж. Я. Я. Яржемский тапқан. Өте сирек кездесетін минерал.
- **Стронциоборит** - Алғаш рет 1960 ж. Индер кен орнынан В. А. Лобанова тауып, баяндаған. Өте сирек минерал.
- **Сәтимолит** - Сәтимола тұз күмбезінен табылғандықтан осылай аталған. Алғаш 1967 ж. В. М. Бочаров ашқан. Аса сирек минерал.
- **Курнаковит** - Орыс химигі және минералогі Н. С. Курнаковтың құрметіне осылай аталған. Алғаш М. Н. Годлевский 1940 ж. Индер кен орнынан тапқан. Сирек минерал.
- **Преображенскит** - Ашылғаннан кейін, көп зерттеген П. И. Преображенскийдің құрметіне солай аталған. Алғаш Индер кен орнынан 1953 ж. Я. Я. Яржемский ашқан.
- **Ивановит**-Алғаш 1938 ж. Индер кенінде ашқан Е. И. Нефедов. Аса ірі тұз зерттеуші-ғалым А. А. Ивановтың құрметіне осылай аталған. Өте сирек минерал.
- **Волковскит** - 1960 ж. ашқан А. И. Волковскаяның атымен аталған. Тұңғыш рет Индер кен орнындағы тас тұздарында ұсақ өскін, ұялар түрінде табылған. Аса сирек кездесетін минерал.

Облыс жер қойнауынан анықталған минералды шикізаттар

- Атырау аймағында басқа да көптеген бейрудалық материалдардың белгілері анықталып отыр. Қорлары жеткілікті зерттелмегендіктен олардың өнеркәсіптік маңызын қазір дәл айту қиын, бірақ бұлардың экономикалық және ғылыми маңызының зор екендігінде дау жоқ.
- Бұларға жекелеген әктас, ангидрит, қойтас, құм-қиыршық қосындылары, отқа төзімді, керамзитті және кірпіш саздары, теңіз ұлутасы, шипалық балшықтар, қоңыр көмір мен минералды бояулар жасауға болатын саз шөгінділерінің алаңдарын жатқызуға болады.
- Индербор кентінің солтүстік- шығысындағы Аққабак дөңінде сұрғылт, сызатты, қуыстылығы төмен текстуралы, кристалды-түйіршікті құрылымды, кей жерлерінде айтарлықтай доломиттендірілген әктас жер бетіне шығып жатыр.